

Мемлекеттік орман күзеті туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 18-1/429 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 маусымда № 11326 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-38) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАҒЫН**:

1. Коса беріліп отырған Мемлекеттік орман күзеті туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;
 - 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрық ол алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 12 мамырдағы
№ 18-1/429 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік орман күзеті туралы ереже

Ескерту. Ережедегі барлық абзацтарда "бас орман күтүшілер" деген сөздер "бас орманшылар" болып, "бас орман күтүшілердің орынбасары" деген сөздер "бас орманшылардың орынбасарлары" болып, "бас орман күтүшісі" деген сөздер "бас орманшы" болып, "бас орман күтүшінің орынбасары" деген сөздер "бас орманшының орынбасары" болып, "орман күтүшісі" деген сөздер "орманшы" болып, "орман күтүшінің көмекшісі" деген сөздер "орманшының көмекшісі" болып, "орманшылар" деген сөздер "орман күтүшілері" болып жазылсын - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 26.10.2015 № 18-03/947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік орман күзеті ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман пайдалану мәселелерімен айналысатын орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік табиғат қорғау мекемелерінің қызметкерлерінен тұрады.

2. Мемлекеттік орман күзеті 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 13-бабы 1-тармағының 18-38) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы орман заңнамасы, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасының аясында құқық бұзушылықтарды, сондай-ақ орманға зиян келтіретін басқа да іс-әрекеттерді болдырмау және оларды тыю жөнінде шаралар қолданады.

2. Мемлекеттік орман күзетінің міндеттері

3. Мемлекеттік орман күзетінің негізгі міндеттері:

1) орман өрттерінің алдын алу, оларды дер кезінде байқау және жою бойынша іс-шаралар жүргізу;

2) мемлекеттік орман қорының аумағында барлық жұмыс істейтін және онда орналасқан ұйымдардың, сондай-ақ орманда жүрген жеке тұлғалардың Кодектің 63-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген Ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларын және Кодектің 67-бабына сәйкес бекітілген Ормандардағы санитариялық қағидаларды сақтауын қамтамасыз ету;

3) ормандарды ағаштың заңсыз кесілуінен, зақымданудан, талан-таражыға салынуынан және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудың басқа да әрекеттерінен қорғау, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлерін қорғау;

4) орман пайдаланушылардың "Мемлекеттік орман қоры участеклерінде сүректі түбірімен босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 қантардағы № 18-02 /178 бүйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 10679 нөмірмен тіркелген) (бұдан әрі - Сүректі түбірімен босату қағидалары) сүректі түбірімен босату қағидаларын және мемлекеттік орман қоры участеклерінде ағаш кесу қағидаларын орындаудың қамтамасыз ету;

5) орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын дер кезінде анықтау, олардың таралуына болжам жасау және олармен құресу;

6) биотехникалық іс-шаралар жүргізу;

7) мемлекеттік орман қоры аумағында аң және балық аулау қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;

8) мемлекеттік орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыруды, ұтымды пайдалануды және орман өсіруді қамтамасыз ететін басқа да іс-әрекеттер болып табылады.

3. Мемлекеттік орман күзетін ұйымдастыру

4. Мемлекеттік орман күзетінің құрамына мына қызметкерлер:

1) орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелерінде – директорлар – бас орманшылар, директорлардың орынбасарлары – бас орманшылардың орынбасарлары, барлық санаттағы орман шаруашылығы инженерлері, аңшылық мамандары, орман күтушілер, орман күтушілердің көмекшілері, орман шеберлері, орман күтушілері, мемлекеттік инспекторлар (қорықшылар);

2) облыстық жергілікті атқарушы органдардың ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінде – басшылар және орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелерімен айналысатын мамандар;

3) мемлекеттік табиғат қорғау мекемелерінде - директорлар - бас орманшылар, директорлардың орынбасарлары – бас орманшылардың орынбасарлары, барлық санаттағы орман шаруашылығы инженерлері, аңшылық мамандары, орман күтушілер, орман күтушілердің көмекшілері, орман шеберлері, орман күтушілері, мемлекеттік инспекторлар (қорықшылар) кіреді.

5. Орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүйесіне енетін, орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелерімен айналысатын мамандандырылған ведомствоның бағынысты ұйымдардың қызметкерлері мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлеріне теңестіріледі.

6. Мемлекеттік орман мекемесінің, табиғат қорғау мекемесінің директоры - бас орманшы (бұдан әрі - директор) орман мекемесінің ведомствоның тиесілілігіне байланысты уәкілетті орган ведомствосының немесе облыстық жергілікті атқарушы органдардың ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің бүйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

7. Директор орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің, мемлекеттік табиғат қорғау мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді және орман мекемесіне жүктелген міндеттерді орындау мен оның өзінің функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауапкершілікте болады.

8. Директор өзінің қызметін жүзеге асыруы кезінде өзінің функциялары шегінде:

- 1) барлық ұйымдарда орман мекемесінің мұдделерін білдіреді;
- 2) шарттар жасасады;
- 3) сенімхаттар береді;

- 4) банк шоттарын ашады;
 - 5) орман мекемесінің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
 - 6) уәкілетті орган ведомствоны немесе облыстық жергілікті атқарушы органдардың ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшесі тағайындастындардан басқа, орман мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
 - 7) орман мекемесінің қызметкерлеріне ынталандыру шаралары мен тәртіптік жаза қолданады;
 - 8) орман мекемесінің даму келешегін және оны техникамен жарақтандыру бағыттарын айқындаиды;
 - 9) орман қорының мемлекеттік мониторингін, ормандардың мемлекеттік мониторингін, жануарлар дүниесінің мемлекеттік мониторингін жүргізуі қамтамасыз етеді, мемлекеттік орман кадастры мен жануарлар дүниесінің кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарға қатысады;
 - 10) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыруды және орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, орман мекемесінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;
 - 11) орман мекемесінің аумағында орман өрттерінің алдын алу және олармен күресу жөнінде іс-шаралар өзірлеуді және олардың орындалуын іске асыруды ұйымдастырады ;
 - 12) ағаш кесу билеттерін береді;
 - 13) Кодекстің 69-бабы З-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасы саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу және тыю жөнінде шаралар қолданады;
 - 14) орман мекемесінің аумағындағы өрттерді сөндіру үшін өрт қауіпі бар маусымға жанар-жағармай материалдарының резервін жасайды;
 - 15) кеспеағаштар бөлу материалдарын дайындау үшін дербес жауапкершілікте болады.
9. Орман мекемесі директорының орынбасары - бас орманшының орынбасары орман мекемесінің ведомстволық тиесілілігіне байланысты уәкілетті орган ведомствоның немесе облыстық жергілікті атқарушы органдардың ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.
10. Директордың орынбасары өзінің қызметін жүзеге асыруы кезінде өзінің функциялары шегінде:

1) орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бағдарламаларын әзірлеуге және оларды орындауға қатысады;

2) ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман өсіру, тұракты орман тұқымдары участеклері мен ағаш тұқымдары плантацияларын күтіп ұстасау, ағаш тұқымдарын дайындау, өндіру және сақтау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

3) орман орналастыру жобаларына сәйкес орман пайдалану орындары мен көлемдерін айқындайды;

4) орман ресурстарын тендерлерге қою үшін материалдар әзірлеуді ұйымдастырады және олардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

5) орман қорының мемлекеттік мониторингі мен мемлекеттік орман кадастры бойынша құжаттаманың жүргізуін қамтамасыз етеді;

6) инженерлердің, аңшылық мамандарының, орман күтушілердің жұмысына басшылық жасайды;

7) ормандарды жерден және авиациямен күзету қызметтерінің жұмысын үйлестіреді ;

8) өзге де функцияларды жүзеге асырады.

11. Орман шаруашылығының барлық санаттағы инженерлері (аға орман күтушілер) ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман пайдалану жөніндегі жұмысты жүргізеді.

12. Орман күзету және қорғау жөніндегі инженер өзінің функциялары шегінде:

1) орманшылықтардың орман күзету мен қорғау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) ормандарда өрттің алдын алу, ормандарды ағаштың заңсыз кесілуінен және орман тәртібін бұзудың басқа да түрлерінен қорғау, ормандарды зиянды жәндіктер мен аурулардан қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

3) ормандарды жерден және авиациямен күзету қызметтерінің өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастырады;

4) өртке қарсы насиҳатты, ормандарды сақтау, орман мекемесі аумағында Өрт қауіпсіздігі қағидаларын орындау туралы мәселелердің бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі түрде көрініс тауып тұруын ұйымдастырады;

5) айналымдар ревизиясын жоспарлайды және жүзеге асырады;

6) орман кордондарының және орман күзетімен байланысты басқа да құрылыштар мен ғимараттардың ақаусыз күйде күтіп ұсталуына, сондай-ақ Кодекстің 69-бабының 4 -тармағына сәйкес қызметтік қаруды сақтау, алып жүру және қолдану қағидаларының сақталуына жауап береді және Кодекстің 69-бабының 5-тармағына сәйкес айырым белгілері бар нысандық киіммен (погонсыз) қамтамасыз етіледі;

7) орманды күзету және қорғау жөніндегі құжаттаманы жүргізеді;

8) орман заңнамасын бұзушылықтар бойынша істерді жүргізеді және әкімшілік айыппұлдардың, талап-арыздардың дер кезінде өндіріп алынуын бақылайды;

9) орман заңнамасын бұзушылықтар мен орман өрттері туралы істер бойынша сот органдарында директордың тапсырмасы бойынша орман мекемесінің мүдделерін білдіреді.

13. Ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі инженер өзінің функциялары шегінде:

1) орманшылықтардың ағаш тұқымдарын дайындау, көшеттік материалын өсіру, орман дақылдарын отырғызу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

2) орман дақылдарын өндіруді тексереді, орман дақылдарын өсіру жұмыстарын орындаудың агротехникалық мерзімі мен сапасын бақылайды;

3) орман дақылдарын отырғызудың жұмыс жоспарын жасайды;

4) ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша құжаттаманы жүргізеді.

14. Орман пайдалану жөніндегі инженер өзінің функциялары шегінде:

1) орманшылықтардың орман орналастыру жобаларына сәйкес орман пайдалану жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) Кодекстің 13-бабы 1-тармағының 18-20) тармақшасына және Ағашты түбірімен босату қағидаларына сәйкес орман мекемесі аумағында мемлекеттік орман қорының ұтымды пайдаланылуын, ағаш кесілген орындардың тазалануын қадағалау жұмыстарын жүргізеді;

3) кеспеағаштар іріктеу сапасын зерделейді және тиісті құжаттаманы жүргізеді;

4) орман пайдалану құжаттамасын жүргізеді;

5) кеспеағаш қорын іріктеу және орманды жанама пайдалану құжаттамасын жүргізеді;

6) орман пайдалану және жер пайдалану мәселелері бойынша сот органдарында директордың тапсырмасы бойынша орман мекемесінің мүдделерін білдіреді.

15. Инженер-орман патологы өзінің функциялары шегінде:

1) ормандарды зиянды жәндіктер мен аурулардан қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) орман зиянкестері мен ауруларын, олардың түр қурамын, санын және таралуын анықтау жөніндегі жұмысты жүзеге асырады, зиянды жәндіктер мен аурулар ошақтарының мониторингін жүргізеді;

3) орманның ағымдағы, экспедициялық, аэровизуальдық және басқа да орман патологиялық тексерулерін жүргізеді, орманның санитариялық жай-күйін анықтайды;

4) барлық орман екпелерінде, сондай-ақ орман тұқымбақтарында зиянды жәндіктер мен ауруларға қарсы алдын алу іс-шараларын жүргізу ұйымдастырады;

5) байқаулар материалдарын өндейді, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының жиынтық ведомостарын, жобаланатын санитариялық-сауықтыру іс-шараларының ведомостарын жасайды және олар бойынша орман зиянкестерінің ошақтарын жерден және авиациямен өндеуді жүргізу үшін қажетті есеп-қисап жүргізеді.

16. Аңшылық маманы өзінің функциялары шегінде:

- 1) жануарлар дүниесінің ресурстарын қорғау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;
- 2) биотехникалық және аңшылық шаруашылығы іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 3) Кодекстің 69-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы тәртіп бұзушыларды ұстайды және жеткізеді;
- 4) аңшылық алқаптарды пайдалануды жақсарту жөнінде іс-шаралар әзірлейді;
- 5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құжаттама жүргізеді;
- 6) директордың тапсырмасы бойынша сот органдарында жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану мәселелері бойынша орман мекемесінің мұдделерін білдіреді.

17. Орман күтуші өзінің жұмысында орманшылыққа басшылықты тікелей жүзеге асырады.

18. Орман күтуші өзінің функциялары шегінде:

- 1) материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану, орман шаруашылығы өндірісінде озық техника мен технологияны енгізу жөніндегі жоспарлы тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 2) орманшылық аумағында ормандарды өрттерден, ағашты заңсыз кесуден және басқа да орман заңнамасын бұзушылықтарынан қорғау, ормандарды зиянды жәндіктер мен аурулардан қорғау жөніндегі жұмыстарға, сондай-ақ ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман пайдалану және жабайы жануарларды қорғау жөніндегі жұмыстарға басшылық жасайды;
- 3) орман орналастыру жобасына және бекітілген жоспарларға сәйкес ағаш кесудің жүргізілуін ұйымдастырады;
- 4) ағаш кесу орындарына және дайындалған сүректің босатылуына куәландыру жүргізеді;
- 5) барлық орман пайдаланушылардың белгіленген сүректі түбірімен босату қағидаларын және Кодекстің 63-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларын орындау жұмысын жүргізеді;
- 6) орманшылыққа келіп түсетін орман заңнамасын бұзушылықтар туралы хаттамалардың жасалу дұрыстығын тексереді, сүректі заңсыз кесуден немесе оның бүлінуінен болған залалды айқынтайтындағы;
- 7) орманшылық аумағындағы орман өрттерін сөндіруді басқарады;
- 8) орман орналастыру мен жобалау-іздестіру жұмыстарын орындау кезінде көмек көрсетеді, осы жұмыстардың сапасын бақылайды;
- 9) орманшылықтардың мемлекеттік орман күзеті қызметкерлерінің орман шаруашылығы, орман дақылдарын өсіру, орманды қорғау, өртке қарсы және

биотехникалық жұмыстарды жүргізу жөніндегі оқуын ұйымдастырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізбесінде № 12665 болып тіркелген) бекітілген Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөнінде оқу мен нұсқама өткізеді;

10) директордың тапсырмасы бойынша орманшылық қызметінің мәселелері бойынша сот органдарында орман мекемесінің мүдделерін білдіреді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Премьер-Министрінің орынбасары – КР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Орманшының көмекшісі өзінің жұмысында тікелей орман күтушіге бағынады.

20. Орманшының көмекшісі өзінің функциялары шегінде:

1) орман күтушінің тапсырмасы бойынша уақытша ұзақ мерзімді орман пайдаланудағы ормандарды күзетудің, қорғаудың және молықтырудың жай-күйіне мониторинг жүргізеді;

2) орман шеберлерінің, мемлекеттік инспекторлардың, орманшылардың (корықшылардың), уақытша өрт қарауылдары мен өрт сөндірушілер командаларының оларға жүктелген міндеттерді уақтылы және дәлме-дәл орындауын қадағалайды және оларға нұсқау береді;

3) орманшылыққа келіп түсетін орман заңнамасын бұзушылықтар туралы актілердің жасалу дұрыстығын тексереді, сұректі заңсыз кесуден немесе оның бүлінуінен болған залалды айқындайды;

4) айналымдар мен участеклердің ревизиясын жүргізеді;

5) барлық орман пайдаланушылардың Сұректі түбірімен босату қағидаларын және Кодекстің 63-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларын орындауын бақылайды;

6) орманшылық аумағында өртке қарсы алдын алу іс-шараларын жүргізумен тікелей айналысады, ал орман өрттері пайда болған жағдайда орман күтуші келгенше оларды сөндіруге басшылық жасайды;

7) орманшылықта орындалған орман шаруашылығы жұмыстарының техникалық құжаттамасын жүргізеді, орман орналастыру материалдарына ағымдағы өзгерістерді жүйелі түрде енгізіп отырады.

21. Орман шебері өзінің жұмысында тікелей орман күтушіге және оның көмекшісіне бағынады.

22. Орман шебері өзінің функциялары шегінде:

1) өз участекесінің мемлекеттік инспекторларының, орманшыларының (қорықшыларының) жұмысына басшылық жасайды және оларға нұсқау береді, сондай-ақ олардың өз міндеттерін орындауда бақылау жасауды жүзеге асырады;

2) айналымдарға ревизия жүргізеді, кордондардың тиісті дәрежеде күтіп ұсталуын, қарудың және мемлекеттік инспекторларға, орман күтушілері мен қорықшыларға тапсырылған бүкіл мүліктің аман сақталуын қадағалайды;

3) орман өрттері пайда болған жағдайда бұл туралы орман күтушіні немесе оның көмекшісін бір мезгілде хабардар ете отырып, тікелей оларды жоюға шаралар қолданады;

4) орман заңнамасын бұзушылықтар туралы участке бойынша жасалған хаттамаларды екі құннен кешіктірмей орманшылыққа (немесе орман мекемесіне) жібереді;

5) кеспеағаштар, сондай-ақ шабындықтар, жайылымдар және басқа да орман пайдалану алқаптарын іріктеуге қатысады;

6) ағаш кесу орындарын қуәландыруға, ағаш материалдарын босатуға, участеде орындалған орман шаруашылығы іс-шараларын қабылдауға қатысады;

7) ағаш отырғызу, ағаш тұқымдарын себу және орманның табиғи жолмен қалпына келуіне жәрдемдесу, ағаш тұқымдарын жинау, орманды күтім жасау мақсатында кесу жөніндегі жұмыстарға басшылық жасайды.

23. Орманшы, мемлекеттік инспектор (қорықшы) мемлекеттік орман қоры участекелерін және өзіне тапсырылған мүлікті тікелей күзетуді, корғауды жүзеге асырады. Өзінің жұмысында ол орман шеберіне бағынады.

24. Орманшы, мемлекеттік инспектор (қорықшы) өзінің функциялары шегінде:

1) ағаштың заңсыз кесілуін, мал жаюды және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудың басқа да түрлерін болдырмау жөнінде шаралар қолданады;

2) орман өрті пайда болған жағдайда бір мезгілде мемлекеттік орман күзетінің жоғары тұрған қызметкерлеріне өрт туралы хабарлап, оны жоюға шаралар қолданады;

3) айналым аумағындағы барлық жұмыс істеушілер мен онда орналасқан үйимдардың, сондай-ақ орманда жүрген жеке тұлғалардың Кодектің 63-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген Ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидалары мен Кодектің 63-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген Ормандардағы санитариялық қағидаларды сақтау жұмысын жүргізеді, олардың барлық тәртіп бұзушылықтары жайында тиісінше орман шеберіне дереу хабарлайды, ал қажет болған жағдайда Кодектің 69-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес бұл жайында 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (бұдан әрі – Әкімшілік кодекс) сәйкес Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, Қазақстан Республикасының жануарлар дұниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамалары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады;

4) өзінің айналымында көпірлердің, өрт мұнараларының, телефон желісінің, межелік, орман орналастыру және орман шаруашылығы белгілерінің сақталуын қадағалайды;

5) айналымда байқалған зиянды жәндіктердің ошақтары, орман аурулары, жел сұлатпасы, дауыл құлатқан ағаштар, сүрекдіндердің қурауы және орман шаруашылығына нұқсан келтіруі мүмкін басқа да құбылыстар жайында орман шеберіне немесе орманшылыққа хабарлайды;

6) сүрек дайындау, мал жаю, шөп шабу және орман пайдаланудың басқа түрлері құқығына берілген құжаттарды зерделейді, орман пайдалану бойынша тиісті талаптардың орындалуын қадағалайды;

7) орман өрттерінің шығуына кінәлі адамдарды ұстап, оларды тиісті ішкі істер органдарына жеткізеді.

25. Орманшыға, мемлекеттік инспекторға оған құзетуге берілген мемлекеттік орман қоры участкесі мен мүліктің тізбесі бар айналым жоспары мен паспорты беріледі.

4. Мемлекеттік орман құзетінің қызметі

26. Мемлекеттік орман құзетіне жұмысқа жоғары немесе орта орман шаруашылығы, орман-техникалық оқу орындарын бітірген тұлғалар қабылданады, орман күтушілері (қорықшылар) жұмысқа орта біліммен қабылдануы мүмкін.

27. Жалпы орта білімі бар мемлекеттік инспекторлар, орман күтушілері (қорықшылар) жұмысқа қабылданған кезде орман мекемесінің ведомостволық тиесілілігіне байланысты уәкілетті органның ведомствосы немесе облыстық атқарушы органдардың ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшесі бекіткен бағдарлама бойынша орман мекемелерінде міндетті түрде оқиды.

28. Орманшы, мемлекеттік инспектор (қорықшы) қызметіне он сегіз жасқа толған және денсаулық жайы сай келетін адамдар қабылданады.

29. Мемлекеттік орман құзетінің қызметкерлеріне лауазымдық міндеттерін саналы орындағаны, орындалған жұмыстардың, оның ішінде ерекше қызын және шұғыл жұмыстардың жоғары сапасы үшін "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес көтермелеу шаралары қолданылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

30. Жұмыстағы теріс қылыштары үшін мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлеріне 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 65-бабына сәйкес тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.01.2017 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Кодектің 69-бабының 5-тармағына сәйкес мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлері нысанды киіммен, арнайы қорғаныс құралдарымен және қызмет бабында пайдаланылатын жер телімдерімен қамтамасыз етіледі және Кодектің 70-бабына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғауға жатады.

32. Кеспеағаштардың іріктелуіне, ағаш кесудің, ағашты түбірімен босатудың дұрыстығын бақылау, ағаштың заңсыз кесілуін тіркеу, сондай-ақ сұректі кеспеағаштан немесе жоғарғы жақтағы қоймалардан тасып әкету кезінде оның есебін жүргізу үшін орман шеберлеріне, орман күтушілерге, орман күзету және қорғау жөніндегі инженерлерге таңбалар беріледі.

33. Мемлекеттік орман күзетінде жұмыс істеу кезінде орманшыларға, мемлекеттік инспекторларға (қорықшыларға) қызметтік үй-жайлар (кордондар) берілуі мүмкін.

34. Мемлекеттік орман күзетінің қызметкерлеріне өздерінің қызмет міндеттерін орындауы үшін көлік құралдары беріледі.

35. Орман күтушілері, мемлекеттік инспекторлар және орман шеберлері ауысқан кезде айналымды, шебер участекін және айналым мен шебер участекіне бекітіп берілген мүлікті қабылдау-тапсыру актісі жасалады. Айналымды тапсыру кезінде орман шеберінің, ал шебер участекін тапсыру кезінде - орман күзету және қорғау жөніндегі инженер мен орман күтушінің қатысуы міндетті.

36. Орман күтушінің ауыстырған кезде орман мекемесі директорының бұйрығымен мемлекеттік орман қоры участеклерін, құжаттаманы, негізгі құрал-жабдықтарды және орманшылыққа бекітілген мүлікті қабылдау-тапсыру жөнінде комиссия құрылады.

37. Орман мекемесінің директорын ауыстырған кезде орман мекемесінің ведомстволық тиесілілігіне байланысты уәкілетті орган ведомствоның немесе облыстық жергілікті атқарушы органдардың ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің бұйрығымен мемлекеттік орман қоры участеклерін және орман мекемесіне бекітілген басқа да мүлікті қабылдау-тапсыру жөнінде комиссия құрылады.

5. Мемлекеттік орман күзетінің қару-жарағы

38. Тәртіп бұзушылар ұсталған жағдайда, егер олар өздеріне жүктелген міндеттерді орындаپ жүрген инспекторларға қарсылық көрсетсе, мемлекеттік орман күзетінің

лауазымды тұлғаларының Кодекстің 69-бабының 6-тармағына сәйкес дене күшін, арнайы қорғаныс құралдарын және қызметтік қаруын қолдануға құқығы бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК